

**Қазан айы**

**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»**

**Мақсаты:** отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің ролі; отбасы мүшелерінің еңбек міндеттері; отбасындағы оң өзара қарым-қатынас, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге ықпал етеді.

<b>1-апта Менің отбасым, аға-аналар еңбегі</b>				
<b>Денсаулық</b> Дене шынықтыру	<b>Коммуникация</b> Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет	<b>Таным</b> Қарапайым математикалық ұғымдарды алыптастыру Жаратылыстану. Құрастыру	<b>Шығармашылық</b> Сурет салу Музыка	
<p><b>Дене шынықтыру» «Секіру. Допты домалату. (далада)»</b> 1. Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>«Бір үйде біз нешеуіміз?»</b> 1. Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату</p>	<p><b>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</b> <b>«Өртүрлі заттардың топтарын салыстыру және теңеу.»</b> Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұрғастыру арқылы салыстыруға үйрету.</p>	<p><b>Сурет салу</b> «Анамызға гүл суаруға көмектесеміз»  <b>Мақсаты:</b> Қарапайым еңбек дағдыларына тәрбиелеу. Бөлме өсімдігін көрсетуге және атауға үйрету (фикус) Табиғатты тануға деген ынтасын дамыту</p>	
<p><b>2. Дене шынықтыру «Секіру»</b> Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>«Әке мен бала. Ы. Ағынсарин»</b> Отбасы туралы түсінігін кеңейту, тақырыпқа сәйкес шығармадағы кейіпкерлерді ойнағанда олардың мінездерін бере білуге үйрету</p>	<p><b>Құрастыру</b> <b>«Орындық және кресло»</b> Пластиналарды тік және көлденең орналастыру тәсілімен құрастыру</p>	<p><b>Музыка</b> <b>«Менің отбасым»</b> Аспаптық пьесалардың қарама-қарсы әуендерін қабылдауға, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету.</p>	
<p><b>3. Дене шынықтыру «Жүру.»</b> Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Телес-тендікті сәктай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.</p>	<p><b>Жаратылыстану</b> <b>«Балабақша ауласындағы ағаштар»</b> Балабақшаның ауласындағы өсімдіктерді, ағаштарды, гүлдерді бақылау жасау, олардың өзіне гән белгілерін байқап, сипаттай білуді үйрету.</p>	<p><b>Жаратылыстану</b> <b>«Балабақша ауласындағы ағаштар»</b> Балабақшаның ауласындағы өсімдіктерді, ағаштарды, гүлдерді бақылау жасау, олардың өзіне гән белгілерін байқап, сипаттай білуді үйрету.</p>	<p><b>Музыка «Ойлан, тап!»</b> Сөзі К. Ыдырысов Әні Ү. Еспаев Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету</p>	